

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Сапаны бақылау, инспекция және карантин жөніндегі бас басқармасы арасындағы өзара жеткізілетін тауарларды бақылау және қауіпсіздігі саласында ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандум**

Меморандум, Пекин қ., 2006 жылғы 17 қараша

**Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Сапаны бақылау, инспекция және карантин жөніндегі бас басқармасы арасындағы өзара жеткізілетін тауарларды бақылау және қауіпсіздігі саласында ынтымақтастық мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы МЕМОРАНДУМ <\*>**

(2006 жылғы 17 қарашада күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2007 ж., N 1, 2-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Сапаны бақылау, инспекция және карантин жөніндегі бас басқармасы саудада техникалық кедергілерді болдырмау және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында экономикалық байланыстарды дамытуға көмектесу, сондай-ақ стандарттау, метрология және сертификаттау саласында техникалық ынтымақтастықты дамытуда өзара мүдделерді ескеріп, және Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының экономикалық мүдделерін басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына және халықаралық сауданың жалпы қағидаттарына сәйкес 1996 жылғы 5 шілдеде Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметі арасында импорт-экспорттық тауарлардың сапасын қамтамасыз ету және өзара куәліктендіруде ынтымақтастық жөніндегі келісімді іске асыру мақсатында кеңес беру ынтымақтастығы тетігін орнатуға келіседі.

## 2-бап

Ынтымақтастық мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) Өзара жеткізілетін тауарлар техникалық регламенттері мен стандарттар туралы ақпаратпен алмасу;

2) Өнім сапасы мен қауіпсіздігіне қатысты бақылау және қадағалау шаралары туралы ақпарат алмасу;

3) Тараптар мемлекеттерінің өнім сапасы саласындағы ұлттық стандарттарды үйлестіру және оларды жалпы қабылданған халықаралық стандарттар және нормалармен сәйкес келтіру;

4) Зертханалық сынаулар, технологиялық зерттеулер және қызметкерлерді оқыту саласында ынтымақтастық;

5) Тараптар мемлекеттерінің сауда қатынастарына әсер ететін техникалық қиыншылықтарды шешу бойынша уақтылы ақыл-кеңес, ақпараттық қызметтер, сондай-ақ пікір алысу.

## 3-бап

Осы келісім олар қатысушы болып табылатын халықаралық келісімдер бойынша Тараптар мемлекеттерінің құқықтары мен міндеттеріне әсер етпейді.

## 4-бап

Осы келісім ережелерін іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар:

Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;

Қытай Халық Республикасында - Қытай Халық Республикасының Сапаны бақылау, инспекция және карантин жөніндегі мемлекеттік бас басқармасы болып табылады.

## 5-бап

Осы келісімнің 2-бабымен қарастырылған бағыттарда ынтымақтастық бірлескен Бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

Тараптар осы келісімнің ережелерін іске асыру үшін Кеңес құруға келісті.

## 6-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы келісімге жеке Хаттамамен рәсімделетін өзгерістер мен қосымшалар енгізіле алады.

Хаттамалар осы келісімді қолданысқа енгізу үшін белгіленген тәртіпте қолданысқа енгізіледі және оның бөлінбес бөлшектері болып табылады.

## 7-бап

Әр тарап, егер әр нақты жағдайда өзге тәртіп қарастырылмаса, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасымен қарастырылған қаражаттар шегінде осы келісім ережелерін орындау барысында туындайтын шығындарды жабуды өздері қамтамасыз етеді.

## 8-бап

Осы келісім мәтінін түсіну кезінде туындайтын барлық дау-дамайлар келіссөз және ақыл-кеңес беру көмегімен шешіледі.

## 9-бап

Осы келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және үш жыл бойына  
к ү ш і н д е б о л а д ы .

Осы кезең аяқталғаннан кейін тараптардың біреуі белгіленген аяқталу мерзіміне дейін алты айдан кешіктірмей жазбаша хабарлама жіберу жолымен осы келісімді тоқтату туралы өз ойын басқа Тарапқа хабарлайтын жағдайдан басқа кезде келесі үш жылдық мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

Келісім 2006 жылы 17 қарашада екі түпнұсқалық данада, әрбірі қазақ, қытай, орыс тілдерінде жасалды, түрлі тілдегі мәтіндер бірдей күшке ие.

Осы келісім мәтінін түсінуге қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*(Қолдары)*